

Қаржы құралдарының негізгі түрлері бойынша негізгі ақпараттық құжат

Осы негізгі ақпараттық құжат (бұдан әрі – құжат) клиенттердің қаржы құралдарының ерекшеліктерін, ықтимал кіріс көздерін және инвестициялаудың негізгі тәуекелдерін түсінуін қамтамасыз ету үшін әзірленген. Құжат брокерлік қызмет көрсету шеңберінде клиентке қолжетімді қаржы өнімдері, сондай-ақ инвестициялауға байланысты негізгі процестер мен тәуекелдер туралы қысқаша ақпаратты қамтиды.

Құжатта ұсынылған ақпарат жалпы ақпараттық сипатқа ие. Құжат жеке инвестициялық ұсыным болып табылмайды, көрсетілген табыстылыққа кепілдік бермейді және инвестициялық шешімдер қабылдау үшін негіз ретінде қарастырыла алмайды. Қаржы құралдарымен операциялар жасамас бұрын клиентке өзі таңдаған қаржы құралының инвестициялау шарттарымен дербес танысу, өзінің инвестициялық мақсаттарын, қаржылық жағдайын, инвестициялар саласындағы білімі мен тәжірибесінің деңгейін, сондай-ақ тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайындығын бағалау ұсынылады.

Анықтама	Кіріс көздері (оның ішінде, бірақ олармен шектелмей)	Ықтимал шығындардың себептері (оның ішінде, бірақ олармен шектелмей)	Негізгі тәуекелдер
Акциялар			
Компаниядағы үлеске иеленушінің құқығын растайтын бағалы қағаз. Акция иесі компанияны басқаруға қатыса алады, дивидендтер ала алады және компания таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігінен үміткер бола алады.	- акциялар құнының өсуі; - дивидендтер.	- нарықтық құнының төмендеуі; - дивидендтердің болмауы; - эмитенттің қаржылық жағдайының нашарлауы; - эмитенттің банкроттығы; - валюта бағамының қолайсыз өзгеруі.	- нарықтық тәуекел; - эмитент тәуекелі; - өтімділік тәуекелі; - дивидендтердің болмауы; - валюталық тәуекел.
ЖДҚ/АДҚ (жаһандық және американдық депозитарлық қолхаттар)			
Осы депозитарлық қолхаттың базалық активі болып табылатын шетелдік компанияның бағалы қағаздарының белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз.	- базалық акциялар құнының өсуі; - валюта бағамының оң өзгеруі; - дивидендтер.	- қолхаттың нарықтық құнының төмендеуі; - базалық акция бағамының төмендеуі; - валюта бағамының қолайсыз өзгеруі.	- нарықтық тәуекел; - валюталық тәуекел; - депозитарий тәуекелі; - өтімділік тәуекелі; - инфрақұрылымдық тәуекел; - эмитент тәуекелі.

Облигациялар			
Эмитент (компания, банк немесе мемлекет) инвесторлардың ақшалай қаражатын тартатын және оларды белгілі бір шарттармен көзделген мерзімде кері қайтаратын, сондай-ақ номиналдан тіркелген пайызды немесе басқа да төлемдерді төлейтін борыштық бағалы қағаз.	- купондық кіріс; - дисконттық кіріс; - облигация құнының өсуі.	- эмитенттің қаржылық жағдайының нашарлауы, міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы (дефолт); - пайыздық мөлшерлемелердің өсуі салдарынан нарықтық құнының төмендеуі; - өтеу мерзіміне дейін сатып алу бағасынан төмен бағамен сату; - валюта бағамының қолайсыз өзгеруі.	- кредиттік тәуекел; - пайыздық тәуекел; - өтімділік тәуекелі; - валюталық тәуекел; - мерзімінен бұрын өтеу.
Еврооблигация			
Шетел валютасында номинацияланған және халықаралық капитал нарықтарында орналастырылатын борыштық бағалы қағаз. Эмитент белгілі бір шарттармен инвесторға салынған қаражатты қайтаруға және көзделген табысты төлеуге міндеттенеді.	- купондық кіріс; - еврооблигация құнының өсуі; - валюта бағамының қолайлы өзгеруі.	- эмитенттің қаржылық жағдайының нашарлауы, міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы (дефолт); - нарықтық құнының төмендеуі; - валюта бағамының қолайсыз өзгеруі; - халықаралық қаржылық инфрақұрылым мен есеп айырысу жүйелерінің жұмысындағы шектеулер; - өтімділіктің төмендеуі.	- кредиттік тәуекел; - валюталық тәуекел; - елдік тәуекел; - санкциялық / инфрақұрылымдық тәуекел; - өтімділік тәуекелі.
ИПИҚ / ПИҚ			
Пайлық инвестициялық қор – бұл инвесторлардың қаражаты бірыңғай инвестициялық портфельге біріктіріліп, кәсіби басқарушы компанияның басқаруына берілетін ұжымдық инвестициялау нысаны. Инвестор қордың мүлкіндегі өз үлесін растайтын қор пайына иелік етеді.	- қор активтері құнының өсуі; - дивидендтер немесе бөлінетін кіріс (егер қорда көзделген болса); - реинвестицияланған табыс.	- қор активтері құнының төмендеуі; - күтілетін нәтижеге әкелмеген инвестициялық шешімдер; - қор шығыстары; - пайды қалаулы шарттармен тез өткізудің мүмкін еместігі; - қолайсыз нарықтық жағдай.	- нарықтық тәуекел; - пай құнының төмендеу тәуекелі; - өтімділік тәуекелі; - қор стратегиясының тәуекелі.
ETF			
Биржалық пайлық инвестициялық қор – пайлары қор биржасында айналыста болатын, индекстік инвестициялаудың интервалдық пайлық инвестициялық қоры. Ол инвесторға бір инвестиция шеңберінде бірден бірнеше активке қол жеткізуге мүмкіндік береді.	- базалық активтер құнының өсуі; - дивидендтер немесе бөлінетін кіріс (егер қорда көзделген болса); - реинвестицияланған табыс.	- базалық активтер құнының төмендеуі; - қор нәтижелерінің қадағаланатын индекс немесе стратегия динамикасынан ауытқуы; - қор шығыстары; - валюта бағамының қолайсыз өзгеруі.	- нарықтық тәуекел; - валюталық тәуекел; - өтімділік тәуекелі; - қордың басқарушы компаниясының тәуекелі; - базалық актив тәуекелі.
ETN (Exchange Traded Note)			
Кірістілігі белгілі бір индекске, инвестициялық стратегияға немесе базалық активке	- базалық индекс құнының өсуі;	- азалық индекс құнының төмендеуі;	- эмитенттің кредиттік тәуекелі;

байланыстырылған биржалық борыштық бағалы қағаз. ETN – қор да, акция да емес, эмитенттің борыштық қағазы болып табылады, сондықтан инвестор базалық актив тәуекелінен бөлек, ETN эмитентінің өзінің де тәуекелін көтереді. ETN-нің ETF-тен айтарлықтай ерекшеленетін тұсы да дәл осы.	- ETN байланыстырылған стратегияның немесе активтің оң нәтижелері.	- стратегияның қанағаттанарлықсыз нәтижелері немесе актив құнының төмендеуі; - ETN эмитентінің дефолты; - нарықтағы құралдар өтімділігінің төмендеуі.	- нарықтық тәуекел; - өтімділік тәуекелі; - валюталық тәуекел; - шоғырлану тәуекелі; - базалық актив тәуекелі; - эмитент тәуекелі.
РЕПО			
Бір мезгілде жасалатын екі мәміледен тұратын операция: бағалы қағаздарды бастапқы сатуды/сатып алуды көздейтін РЕПО-ны ашу және қатысушылардың алдын ала келісілген шарттармен болашақта белгіленген уақытта РЕПО-ны жабу кезінде бағалы қағаздарды кері сатып алуды/сатуды жүзеге асыру міндеттемесі.	- РЕПО мөлшерлемесі есебінен табыс алу; - өтімділікті уақытша тарту немесе қаражатты орналастыру.	- қамтамасыз ету құнының өзгеруі; - контрагенттің міндеттемелерді орындамауы; - міндеттемелерді жабу үшін қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі; - бағалы қағаздардың нарықтық құнының төмендеуі.	- контрагенттің кредиттік тәуекелі; - қамтамасыз ету тәуекелі; - нарықтық тәуекел; - өтімділік тәуекелі.

Негізгі тәуекелдер бойынша жалпы түсіндірмелер

- **нарықтық тәуекел** – қаржы нарықтарындағы жағдайдың, экономикалық жағдайлардың немесе инвесторлар көңіл-күйінің өзгеруі салдарынан қаржылық құрал құнының төмендеу тәуекелі.
- **валюталық тәуекел** – шетел валютасы бағамының өзгеруі салдарынан шығын шегу немесе кірістің төмендеу тәуекелі. Шетелдік қаржылық құралдарға инвестициялау кезінде қосымша елдік тәуекел, шетел заңнамасын қолдану тәуекелі және халықаралық нарықтардың инфрақұрылымдық тәуекелдері туындайды. Мысалы, шетелдік бағалы қағаздың бағасы өсуі мүмкін, алайда валюта бағамының өзгеруіне байланысты теңгедегі түпкілікті нәтиже төмендеуі мүмкін.
- **өтімділік тәуекелі** – клиенттің қаржылық құралды күтілетін бағамен сата алмау немесе оны қажетті сәтте сата алмау тәуекелі.
- **кредиттік тәуекел / эмитент тәуекелі** – эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау немесе оның қаржылық жағдайының нашарлау тәуекелі.
- **салықтық тәуекел** – салықтық міндеттемелердің туындау, салық салу режимінің өзгеру немесе табыстарды дербес декларациялау қажеттілігі тәуекелі.
- **операциялық және инфрақұрылымдық тәуекел** – техникалық ақауларға, есеп айырысу, депозитарлық, сауда немесе өзге де инфрақұрылымның шектеулеріне байланысты операцияларды жүргізу мүмкін еместігі немесе шығындардың туындау тәуекелі.

Клиенттің растауы:

Осы негізгі ақпараттық құжатпен танысқанымды, көрсетілген қаржылық өнімдердің жалпы мәнін, ықтимал кіріс пен шығын көздерін, сондай-ақ инвестициялаудың негізгі тәуекелдерін түсінетінімді растаймын. Табыстылыққа кепілдік берілмейтінін, инвестициялар құны төмендеуі мүмкін екенін түсінемін және инвестицияланған қаражатты ішінара немесе толық жоғалту тәуекелдерін қабылдаймын.

Клиенттің аты-жөні: _____ ЖСН: _____

Күні: _____ Қолы: _____